

А. Қасымова, 2-курс

*Ғылыми жетекші — Қ. Қ. Адильбекова, жалпы құқықтық және арнайы пәндер кафедрасының аға оқытушы, заңтану магистрі
(Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті)*

ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫ БОЛДЫРТПАУДЫҢ АЛДЫН АЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Еліміздің Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен бергі 25 жыл ішінде небір қиыншылықтарды артқа тастап, бүгінгі күнде экономикасы дамыған, «өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырған мемлекетке»ⁱ айналған тұсында да елімізде ақсап жатқан кейбір келелі мәселелер бар екендігі жасырын емес.

Құқық бұзушылықты болдыртпауды ұйымдастырудың ең маңызды тұстары ретінде мемлекеттің тұлғалардың заңға қайшы іс-әрекеттердің жасалуына жол бермеу мақсатында жасайтын қызметтерін тануға болады. Сондықтан, қылмыстық заң жүйесі құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында құқық бұзушыға ықпал жасай алады және жасауға тиіс. Түпкі нәтиже сол ықпалдардың қаншалықты және қандай әдістермен жасалатындығымен тікелей байланысты болмақ. Бұл мәселелерде маңызды саяси-әлеуметтік және идеологиялық мазмұн болғандықтан, оған біржақты қарауға болмайды. Осы тұста құқық бұзушылықтың жалпы алдын алу, яғни халықтың көпшілік бөлігіне әсер ететін шараларының жүзеге асырылуы туралы тоқталатын болсақ, оларға жататындар:

- ұтымды экономика, меншік нысанының көптүрлілігі, азаматтардың іскерлік белсенділігі мен ынтасын көтерудің негізінде нарықтық қатынастарды қалыптастыру;
- жеке тұлғалардың әлеуметтік, экономикалық және басқадай жағдайларын жақсарту, олардың еңбекке және қоғамдық-саяси өмірге араласуы үшін мемлекеттік қолдау шараларын жүзеге асыру;
- білім беру мекемелерінде құқықтық білімдер беретін пәндерді оқытудың сапасын жақсарту;
- жеке тұлғалардың сапалы әлеуметтік үлгі-қалыптары мен кәсіби біліктілігі жүйесін жасау міндетін белсендендіруⁱⁱ;
- еліміздің ірі қалаларында құқық бұзушылықтан алдын алудың кешенді шараларын сапалы жүргізу;
- жалпыға бірдей құқықтық оқытуды және заңға тәрбиелеуді ұйымдастыру;
- халық арасында заңды жан-жақты насихаттау, яғни, жасалған қылмыс үшін жазаланбай қалу мүмкін еместігіне көз жеткізу, адамды кастерлеуге, оның жеке басын сыйлауға баулу, заңды, қоғамдық тәртіпті бұзуға болмайтындығын санаға жеткізу шараларын бұқаралық ақпарат құралдарының көмегі арқылы ұйымдастыру;
- құқық бұзушылықтың алдын алудың әлеуметтік базасын нығайту, яғни әлеуметтік-экономикалық шаралар арқылы көпбалалы отбасыларын, зейнеткерлерді, халықтың көмекке мұқтаж топтарын мемлекеттік қамқорлыққа алу. Мектеп жасына дейінгі балалар

мекемелерін, ата-анасының қамқорынсыз қалған, жетім қалған балаларға, қарттарға арналған үйлерді көбейту.

- азаматтардың әлеуметтік-құқықтық белсенділігін арттыру, яғни құқық тәртібін сақтауға азаматтарды тартудың жаңа нысандарын табу. Заңдылықты нығайту ісінде белсенділік танытқан адамдарға әлеуметтік қолдау жасау.

- бас бостандығынан айыру орындарынан босанған адамдардың әлеуметтік ақталуына көмектесу, оларды жұмысқа орналастыру жүйесін құру. Сотталған адамдардың қажетті жұмысшы мамандығын игеру үшін жаза өтейтін колониялардың жұмысын жақсарту және жетілдіру. Әлеуметтік ақтау орталықтарының, бас бостандығынан айыру орындарынан босанып келген адамдарды қоғамға көндіктірудің басқа да нысандарының қызметін ұйымдастыруға көмектесу, оларға қолдау жасау.

Аталған шаралар легі байқатып отырғандай құқық бұзушылықтың жалпы алдын алу қоғам өмірінің әлеуметтік, экономикалық, саяси, рухани салаларының барлығын сауықтыру жөніндегі шараларды қамтиды. Осы тұста баса назар аударатын мәселе қатарында — құқықтық тәрбиенің маңыздылығын танудың құқық бұзушылықтың алдын алудың тиімді жолы ретіндегі сипатын да қарастыруға болады. Заң нормаларының дұрыс орындалмауы құқық бұзушылыққа әкеліп соқтыратыны ақиқат екендігін ескере отырып, осы мәселе тұрғысында данышпан ойшылымыз Абай «бір рет қылмыс істеген адамға қара күйе жағылатынын, одан кейін сүттен ақ, судан таза болғанымен жаман атақ қалатынын, ондай көлеңкелі жәйттердің адам болашағына тосқауыл болатыныны» жайында қатаң ескертеді. Абай тағылымы бойынша қайсыбір қылмыс, теріс қылық болмасын міндетті түрде ашылып, қылмыскер қатаң жазаға тартылуы тиіс. Қатаң жазаға тартылмағандық қылмыстың жасала беруіне, тыйылмауына тікелей себепші. Жазасыздығын сезінген адамның психологиясы қылмысқа баруды дағдыға айналдыруы да ғажап емес. Әділ жаза қолдану қылмысты тыюдың негізгі талаптарының біріⁱⁱⁱ. Өз заманының кемеңгері Абай атамыздың ойлары бүгінгі күні де маңыздылығын жоғалтпағанын білеміз. Сөзге түрткі болып отырған мәселе тұрғысында отандық заңгерлеріміздің пайымдауынша: «Қылмыстылық — әлеуметтік құбылыс, өзінше бір организм, қоғамның өзіне бағытталған сырқаты» болса, ол сырқатпен ауырып ем іздегенше, ауырмаудың жолын іздеген тиімді болмақ.

Тәуелсіздіктің тізгініне ие болғалы 25 жылды абыроймен еңсеріп, құқықтық мемлекет құруды мақсат етіп қойған біздің еліміз үшін қоғамда құқық бұзушылықтың алдын алу мәселелерін ашып-зерттеуге қоғам, мемлекет тарапынан үлкен көңіл бөлу қажет екендігі сөзсіз.

ⁱ Нұрсұлтан Назарбаев: Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам. http://www.inform.kz/kz/nursultan-nazarbaev-kazakstannyn-aleumettik-zhangyrtyluy-zhalpyga-ortak-enbek-kogamu-na-karay-20-kadam_a2478341 (2017 жылғы 18 сәуірдегі жолдама мерзімі).

ⁱⁱ Құнанбаев А. Шығармалар: Екі томдық. 2 том. — Алматы, 1968.

ⁱⁱⁱ Жұмағали А. Криминология: Оқулық. — Алматы, 2005.